

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
орындалған Тасилова Айгерим Айтбаевнаның «Әлемдік коммуникация  
желісіндегі қоғамдық дипломатия» атты диссертациясы туралы**

**С Ы Н - П І К І Р**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.**

Араға сан ғасыр салып, жарым-жартылай қырылса да, талай сыннан аман шыққан Қазақ елі өз егемендігін әлем қауымдастығына жария еткен соң, басқа мемлекеттермен тең дәрежеде сөйлесу, барыс-келіс жасау мүмкіндігін алды. Тәуелсіздікке мәңгі ие болуда, сол тәуелсіздікті баянды етуде түрлі елдердегі мәміле мамандарымен қатар журналистер де ерекше атсалысуда. Шет мемлекеттердегі дипломатиялық қызметтің қыры мен сыры туралы шынайы ақпарат беру, екі ел арасындағы ортақ мәмілегерлік құжаттармен, ресми іс-қағаздармен таныстыру, қысқасы, қоғамдық дипломатия жаршыларына айналу – халықаралық тақырыпта қалам тербеп жүрген журналистердің үлесіндегі міндет. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ведомстволық салаларына етене араласып, әртүрлі мемлекеттердегі Қазақстан елшіліктерінде атташелік қызмет атқарып жүрген қазақ журналистерінің іс-тәжірибесін коммуникативті тұрғыда зерттеп, коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия қызметін ғылыми негіздей зерттеу – маңызды міндеттердің бірі болмақ. Мұның өзі мәмілегерлік қызмет түрлерімен, хат-хабарларымен, іс-қағаздарымен жақынырақ танысуға, қоғамдық дипломатияның алғашқы қадамдарынан сабақ алуға, сондай-ақ салыстыру үшін алдыңғы қатарлы француз, герман, ватикан, ағылшын, орыс дипломаттарының тәжірибелерінен кеңірек хабардар болуға, қазақ елшілерінің, консульдықтардағы баспасөз атташелерінің іс-тәжірибелерін ғылыми зерделеуге мүмкіндік береді.

Ел тәуелсіздігі ендігі сәтте мызғымастай берік орныққан кезде Қазақстанның басқа елдермен сыртқы қарым-қатынасын, өзге елдер алдындағы беделін, ондағы елшілер мен кеңесшілердің ішкі және сыртқы заңдардан хабардар болуын, дипломатиялық даярлықтан өткен баспасөз атташелерінің қызмет ауқымын қоғамдық дипломатия қызметінің талғам-таразысы арқылы зерттеу – тақырыптың өзектілігін құрап отыр.

Ізденуші қоғамдық дипломатияның дәстүрлі дипломатиядан ерекшелігін анықтап, бағалап, зерделеуде терең зерттеулер жасаған. Осы сала мәмілеге келу ерекшеліктері ондағы коммуникативтік сипаттарды байыпты талдау арқылы жан-жақты ашылған. Бұл ізденушінің ғылыми байлам жасауға деген ұмтылысын байқатып отыр.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қоғамдық дипломатияның рөлін коммуникация шеңберінде қарастыра отырып, мәмілегерліктің болашақ дамуына аса қажетті факторға айналдырудың жолдары мен бағытын анықтаудан көрінеді.

Тақырып көкейкесті, ғылыми айналымға жаңадан түсе бастады. Қоғамдық дипломатияны коммуникация құралы ретінде зерделей отырып, қазақ мәмілегерлік саясатын насихаттаудағы мүмкіндіктері ғылыми тұрғыда қарастырылған. БАҚ-тың қоғамдық дипломатиядағы коммуникация тетігі тұрғысындағы қызметі сарапталған.

Жұмыстың құндылығы – қоғамдық мәмілегерлік саясаттың іргесі қаланған күннен бастап қазіргі кезеңге дейінгі аралықтағы коммуникациялық мәселесін көтеру және шешу жолдарын ұсынуға арналған іс-әрекетінің мазмұнын ашуымен бағалы деп білеміз. Осының өзі зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды. Ғылыми жұмыстың тақырыбы жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) сабақтас келеді.

А.Тасилованың диссертациясы қазақ баспасөзі мен еліміздегі қоғамдық дипломатияның қызмет саласына қажетті құнды еңбек болып табылады әрі Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты талаптарынан туындап отырған ғылыми міндеттерді шешумен сабақтасады.

## **2. Автордың даралық принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.**

Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеудің нысаны мен пәніне толық сәйкес келеді, мақсат-міндеттерінің ішкі бірлікте негізделіп отырғандығын көрсетеді.

Журналистикадағы ғылыми-теориялық қағидаларға сәйкес қарастырылған. А.А. Тасилованың зерттеу жұмысында қол жеткізген мынадай қорытынды нәтижелерін атап көрсетуге болады:

**1.**Әлемдік коммуникация желісі тұрғысынан қоғамдық дипломатияның құрал ретіндегі маңызды қызметі анықталған.

**2.**Қоғамдық дипломатияның халықаралық қатынастар үдерісінің динамикасы мен мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа ықпалы замануи жаһандық коммуникациялық мәнмәтін тұрғысынан зерделенген.

**3.**Көшпелі қоғамның саяси қатынастарындағы қоғамдық дипломатияның көріністері мен өзіндік ерекшеліктері бағамдалған, қоғамдық дипломатияны зерттеу саласында жинақталған теориялық негіздемелерді осы бағыттағы қолдану мүмкіндіктері тұжырымдалу тұрғысынан айқындалған.

**4.**Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдарын, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігін, Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлері айқындалып, мысалдармен дәлелденген.

**5. Жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелері, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктері анықталып, ғылыми тұрғыдан негізделген, мысалдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысының орындалуындағы жүйелілік, ғылыми аппараттың ауқымдылығы, логикалық бірзділігі, әдістемелік тәсілдерді ұтымды қолдану мен зерттеу материалдарының тұтастығы, зерттеу нәтижелерінің ғылыми болжамды дәйектелуі, ғылыми-тәжірибелік нәтижелері зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік мазмұнының ішкі бірлігімен, құрылымдық жалпы тұтастығымен және зерттеу қорытындыларының қисындылығымен анықталды.**

**3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

*Бірінші нәтиже жаңа,* қоғамдық дипломатия саяси ғылым аясында зерттеу нысанына айналып, коммуникация желісіндегі ерекшелігі мен қоғамдық пікір туғызудағы деректілігі тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізілді;

*Екінші нәтиже жаңа,* қоғамдық дипломатияның әдістері мен формалары ғылыми дәйектелді;

*Үшінші нәтиже жаңа,* қоғамдық дипломатияның мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа ықпалы замануи жаһандық коммуникация шеңберінде зерделенді;

*Төртінші нәтиже жаңа,* қоғамдық дипломатияны зерттеу саласында жинақталған теориялық негіздемелер көшпелі қоғамның саяси қатынастарындағы өзіндік ерекшеліктерімен сабақтастыра тұжырымдалды;

*Бесінші нәтиже жаңа,* Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның ұлттық брендингі мен когнитивтік түрлері айқындалды;

*Алтыншы нәтиже ішінара жаңа,* жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелері ғылыми тұрғыдан негізделді.

**4. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.**

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің негізделуі мен шынайылығы докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкестігімен анықталады. Оған диссертанттың зерттеу мақсаты мен оны орындау үшін белгіленген міндеттері дәлел бола алады.

Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған тұжырымдары жұмыстың әр бөлімінің құрылымы мен мазмұнына қарай толық ашылған. Оның ішінде қоғамдық дипломатияның ұғымы, деңгейлері, әдістері, формалары туралы ғылыми тұжырымдамалар дәйектелген. Көшпелі қоғамның саяси қатынастарындағы қоғамдық дипломатияның көріністері мен өзіндік ерекшеліктері бағамдалған. Қоғамдық дипломатияны зерттеу саласында жинақталған теориялық негіздемелерді осы бағыттағы қолдану мүмкіндіктері тұжырымдалған.

Зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдары тіл біліміндегі отандық және шетелдік ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдары арқылы негізделген. Атап айтар болсақ, А. Арыстанбекова, Б.К. Сұлтанов, Р.М. Қалиева, У.И. Қасенов, К. Бурханов, С. Бөлекбаев, Ж.У. Ибрашев, К.И. Байзакова, Г.М. Меңдіқұлова, Д.С. Раев, А. Шнайдер, Б. Грегорин, Б. Симонин, Б.Хокинг, Д. Лейк, Дж. Кинг, Дж. Мангейм, Дж. Най, Дж. Розенау, Дж. Сзонди, Ж. Красовский, К. Сноу, А.В. Торкунов, М. Лебедева, А.В. Долинский, В. Никонов, А. Фоминых, Н.А. Цветкова және т.б. секілді ғалымдардың пікірлеріне сүйенген. Сондықтан жұмыста тақырыпқа қатысты теориялық еңбектер толық қамтылған. Ізденушінің зерттеу еңбегінде әртүрлі деңгейдегі теориялық еңбектерді пайдаланғандығы диссертацияның негізделуі және шынайылық дәрежесін растайды.

Диссертант әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатияның маңыздылығына кешенді түрде талдау жүргізген. Осы талдау нәтижесі жұмыстың шынайылық дәрежесін жоғарылатып, ғылыми-практикалық тұрғыдан шынайы негізделуіне мүмкіндік береді.

#### **5. Академиялық адалдық принципі.**

А.Тасилова диссертациялық жұмысты жазу барысында өзге авторлардың заңдық мүдделерін сақтап, өзге ғалымдардың еңбектеріне, қолданған барлық дереккөздерге сілтеме жасай отырып, мағынасын, сөзін бұрмаламай академиялық адалдық принципін сақтаған.

#### **6. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.**

Зерттеу нәтижелері журналистика, халықаралық қатынастар теориясы, аймақтану, сыртқы саясат теориясы, дипломатия салалары бойынша жазылған зерттеулердің ғылыми-теориялық қағидалары мен заңдылықтарын дамыта түскен, олардың кейбір тұжырымдарын нақтылаған, сондай-ақ, оларды жаңа деректермен толықтырған. Аталған нәтижелерді жоғары оқу орындарында халықаралық қатынастар, аймақтану, сыртқы саясат және қоғамдық дипломатия салалары бойынша жүргізілетін дәрістерде, арнайы курстарда, сондай-ақ практикалық сабақтарда, журналистикадан оқулықтар жазуда кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ диссертациялық жұмыстың тақырыбына орай журналистика факультетінде «Дипломатия және журналистика» элективті пәні еңгізілді.

#### **7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.**

Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитеті қоятын талаптарға сай келеді. Олардың төртеуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жарияланды:

1.Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. «Қоғамдық дипломатия термині және оның қызметі», «Журналистика сериясы».

2. Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. «Ғаламтордағы бизнес жасаудың жолдары және Web-тің дамуы», «Журналистика сериясы».

3. Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. «Ұлттық бренд және Қазақстан». «Журналистика сериясы».

4. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». «Әлемдік коммуникациядағы қоғамдық дипломатия». Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал.

**Нөлдік емес импакт-факторлы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген журналда (SCOPUS) 1 мақаласы жарық көрді:**

1. Comparative analysis on Digital Diplomacy in Kazakhstan, Uzbekistan and Kyrgyzstan. «Astra Salvensis» журналы.

**Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында 5 мақаласы жарық көрді:**

1. М.Барманқұлов және Ғ.Қайырбеков мәдени мұралары аясында «Қазақстан масс-медиа нарығындағы: Білім-ғылым-өндіріс үдерісі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. «Қазіргі БАҚ парадигмалары». 27 ақпан, 2015 жыл.

2. «Медиабілім беру және киберәлеуметтену» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. «Қазақстандағы Твиттер қолдану бағыттары». 25 ақпан, 2014 жыл.

3. «Қазақстандағы PR білім берудің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. «The Public Diplomacy in a system of the world communication the opinion of the PD» 13 қараша, 2015 жыл.

4. «III Халықаралық Фараби оқулары», «Дипломатиялық қарым-қатынастағы Қазақстанның жетістігі және халықаралық журналистика» 4-15 сәуір, 2016 жыл.

**Шетелдік ғылыми конференцияда 1 мақаласы жарық көрді:**

5. «III Международная конференция». «Наука в эпоху дисбалансов». «Public Diplomacy of Kazakhstan», Киев қаласы. 30 қараша, 2017 жыл.

**8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.**

Тасилова Айгерим Айтбаевнаның (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған, жоғары дәрежеде орындаған жұмыс деп тұжырымдай келе, жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кеткен кейбір кемшіліктерді де айта кеткен орынды:

1. Ішінара тұстарда ойды әсірелеп беру сарыны байқалады.

2. Қоғамдық дипломатия саласының журналистикамен байланысы туралы мәліметтер аздау қамтылған. Осыларға кеңінен тоқталып, жан-жақты талдау нысанына айналдыруға болар еді.

3. Жекелеген грамматикалық қателер ұшырасады. Кей тұста тыныс белгілердің дұрыс қойылмағаны байқалады.


Алайда, бұл аталған кемшіліктер мен ескертпелер ізденушінің диссертациялық жұмысының жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

**9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі.**

Тасилова Айгерим Айтбаевнаның диссертациялық жұмысының көкейкестілігінде, алынған нәтижелердің ғылымилығында күмән тудырмайды. Ізденушінің алдына қойған зерттеу мақсаты мен міндеттері толық орындалған, зерттеу міндеттері шешімін тапқан дәйекті еңбек ретінде бағалауға болады.

Ізденушінің 6D050400-Журналистика мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп санаймын. Ізденуші Тасилова Айгерим Айтбаевнаны 6D050400-Журналистика мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге болады деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**  
филология ғылымдарының  
кандидаты, профессор



Б.К. Сердәлі